

## **"KULAN RESOURCES" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 155 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 71-1 бабына сәйкес, "KULAN RESOURCES" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының 2024 жылғы 15 ақпандағы № KU-18/24 өтініші негізінде, Ұлан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "KULAN RESOURCES" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2029 жылғы 14 қарашаға дейінгі мерзімге пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, жер учаскесін меншік иелері мен пайдаланушылардан алып қоймай, жалпы алаңы 123,2 гектар жер қорының есеп кварталы 05-079-002 жеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "KULAN RESOURCES" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заңнамаға сәйкес, жер пайдаланушылармен жеке сервитутты белгілеу туралы шарттарда бекітілген, жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттерді және өзге де шарттарды, жұмыстарды жүргізу мерзімі мен орнын анықтасын.

3. "Ұлан ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберілсін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Ұлан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Болатқанға жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ұлан ауданының әкімінің міндетін атқарушы*

*Л. Кенжетаева*